

# Паспорт образовательной программы

**Дата регистрации в Реестре**

2022.07.01 12:05

**Регистрационный номер**

16002

**Дата обновления паспорта ОП:**

2022.07.01 12:05

**Код и наименование специальности:**

07320700 Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы және пайдалану

**Код и наименование квалификации/квалификаций:**

4S07320703 Техник-құрылысшы

**Регион:**

Қызылорда облысы

**Организация ТиППО (Разработчик):**

" И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжі"  
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

**Партнеры-разработчики:**

" Қызылорда жолдары" ЖШС

**Цель ОП:**

Автомобиль жолдары мен аэродром құрылыстарын жобалау, салу, пайдалану, жөндеу және қайта жаңарту жұмыстарын ұйымдастыруда және орындауда, жол құрылысы саласына бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау

**Уровень по НРК:**

4

**Уровень по ОРК:**

4

**Профессиональный стандарт (при наличии):**

" Жолдар мен автомагистральдар", Қазақстан Республикасы "Атамекен" Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының №262 26.12.2019 ж.бұйрығына 3 -қосымша

**Профессиональный стандарт WorldSkills (при наличии):**

жоқ

**Форма обучения:**

күндізгі

**База образования:**

негізгі орта білім

**Язык обучения:**

мемлекеттік

**Общий объем кредитов:**

240

**Дата рассмотрения ОП на методическом (учебно-методическом/научно-методическом) совете организации образования об одобрении паспорта ОП (выписка из протокола заседания) с согласованием работодателя и/или индустриального совета:**

8.05.2022 ж.

**Номер лицензии на занятие образовательной деятельностью:**

KZ17LAA00009595

**Номер приложения к лицензии на занятие образовательной деятельностью:**

№13

**Дата прохождения специализированной аккредитации по данной специальности (при наличии):**

2.05.2018 ж.

**Отличительные особенности ОП:**

-

**Сведения о содержании модулей/дисциплин:**

<b>Наименование № модуля/дисциплины</b>	<b>Результаты обучения/Краткое описание дисциплины</b>	<b>Объем кредитов/часов</b>
ЖБП 1. Математика	Байланысты пәндерді оқу, практикалық іс-әрекетте қолдану үшін қажетті математикалық білімді қалыптастырады. Пән келесі бөлімдерден тұрады: «Функция, оның қасиеттері мен графигі», «Тригонометриялық функциялар», «Көпмүшелер», «Математикалық статистика және ықтималдық теориясы», «Дәрежелер мен түбір. Дәрежелік функция», «Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар», «Функцияның шегі және үзіліссіздігі», «Туынды және оның қолданылуы», «Алғашқы функция және интеграл», «Комплекс сандар», «Дифференциалдық теңдеулер», «Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі параллельдік және перпендикулярлық», «Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі	8/ 192

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	және векторлар», «Көпжақтар», «Айналу денелері және олардың элементтері», «Денелер көлемдері».	
ЖПБ 2. Информатика	Аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету, деректерді ұсыну, ақпараттық процестер мен жүйелер, ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру, компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы білімді, икемдер мен дағдыларды қалыптастырады. Пән: «Аппараттық және программалық қамтамасыз ету», «Деректерді ұсыну», «Ақпараттық процестер мен жүйелер», «Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру», «Қосымшаларды әзірлеу», «Компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік» сияқты бөлімдерді зерттейді.	2/ 48
ЖПБ 3. Қазақ тілі	Қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану, күнделікті өзі еркін қолданып жүрген қарым - қатынас құралынан оны тілдік заңдылықтар негізінде танып - білу дағдыларын қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет. Сөз мәдениеті», «Индустрияландыру: ұлттық өндіріс. Сөз мәдениеті», «Адамзат дамуының жаһандық мәселелері», «Адам өмірін сақтау. Тілдік жүйе және норма», «Сәулет өнері», «Қазақстан бүгінгі әлемде:	3/ 72

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	Қазақстанның өткені мен келешегі», «Экология: ядролық және мұнай өндірістері», «Қазіргі қоғам: миграция және зияткерлік миграция», «Әлемді өзгерткен өнертабыстар», «Туризм: экотуризм»	
ЖБП 4. Қазақ әдебиеті	Креативті ойлауға бағыттау, ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру. Білім алушылар әдеби жанрларға эксперимент жасау арқылы драмалық шығарманы проза тілімен, прозаны поэзия тілімен жазу тәсілдерін меңгере алады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қалың елім, қазағым», «Қазақтың Қанышы», «Парасат пайымы», «Тарих тағылымы», «Кеңістік пен уақыт», «Зобалаң заман шындығы», «Ғасырлық туынды», «Табиғат және адам»	3/ 72
ЖБП 5. Орыс тілі және әдебиеті	Орыс тілі мен әдебиетін кіріктірілген оқыту негізінде тілдік дағдыларды жетілдіруге ықпал етеді, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады және дамытады, ғылыми-техникалық, көркем-эстетикалық, әлеуметтік салалардағы ақпаратты пайдалануға мүмкіндік береді, жалпы әлемдік білім беру кеңістігінде бағдарлануға көмектеседі. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Туризм: Экотуризм», «Человек и Родина», «Наука и этика», «Планета. Земля. Океаны», «Литература и искусство», «Тема	4/ 96

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>социального неравенства в СМИ и литературе», «Торговля и помощь. Справедливая торговля», «Значение труда в жизни человека и общества», «Показатель развития общества: экология, биоресурсы», «Свободное время как показатель развития общества», «Человек и история», «Энергия будущего. Энергия слова», «Мир и безопасность», «Театр и кино в современном мире», «Высшая ценность – права человека», «Современное общество: миграция».</p>	
ЖБП 6. Шетел тілі	<p>Білім берудің алдыңғы сатысында қол жеткізілген шет тілін меңгерудің бастапқы деңгейін арттырады, студенттердің тұрмыстық, мәдени, кәсіби және ғылыми қызметтің әртүрлі салаларындағы әлеуметтік-коммуникативтік міндеттерді шешу үшін қажетті және жеткілікті коммуникативтік құзыреттілік деңгейін меңгеруіне ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: « Legend or Truth», «Natural Disasters», «Virtual reality», «Organic and non-organic worlds», «Reading for pleasure», «Capabilities of human brain», «Breakthrough technologies», «Space X», «Making connections in biology», «Investigate and report on animal world bats eagles bees and dolphins», «Human brain», Investigate and report on timekeeping devices/Science video», «Work and inventions», «STEM», «Reading for Pleasure», «Independent project», «The clothes of chemistry».</p>	4/ 96
ЖБП 7. Қазақстан тарихы	<p>Қазақстанның түрлі тарихи кезеңдердегі этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және</p>	4/ 96

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>мәдени дамуының негізгі мәселелерін ұғынуына, оның әлемдік тарихи үдерістегі орны мен рөлін айқындауына; тарихи санасы, азаматтылығы мен патриотизмі бар тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Өркениет: даму ерекшеліктері», «Этникалық және әлеуметтік процестер», "Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан», «Мәдениеттің дамуы», «Өркениет: экономикалық даму ерекшеліктері», «Саяси-құқықтық процестер», «Қоғамдық-саяси ойдың дамуы», «Білім мен ғылымның дамуы».</p>	
ЖБП 8. Өзін-өзі тану	<p>Жеке тұлғаның адамгершілік негіздерін қалыптастыруға, оның рухани жетілуіне және өзін-өзі жүзеге асыруына, үйлесімді дамуына ықпал етеді, өзін және басқа адамдарды қабылдауға және түсінуге ықпал етеді, ашықтықтың, әлеуметтік жауапкершіліктің, шығармашылық белсенділіктің және өмірді жағымды қабылдаудың дамуына ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Таным жолында», «Тұлғаның қалыптасуы», «Қоғамдағы өмір», «Адамзат әлемі».</p>	2/ 48
ЖБП 9. Дене тәрбиесі	<p>Жалпыадамзаттық мәдениет саласында белсенді шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруға дайын тұлғаны қалыптастыруға, оқушылардың дене және психикалық денсаулығын нығайтуға деген</p>	6/ 144

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	ынтасын арттыруға, спорттық-ерекше қимыл дағдыларын алуға және дене қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Дене шынықтыру туралы білім», «Жеңіл атлетика», «Спорттық ойындар», «Гимнастика», «Ұлттық спорт түрлері», «Қысқы спорт түрлері», «Жүзу».	
ЖБП 10. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	Мемлекет қорғанысының негіздері, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тағайындалуы, олардың сипаты мен ерекшеліктері туралы түсініктерді қалыптастырады, әскери қызметке саналы көзқарасты тәрбиелейді, төтенше жағдайларда адамның тіршілік әрекеті қауіпсіздігінің дағдыларын қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі», «Әскери қызметтің құқықтық негіздері», «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары», «Тактикалық дайындық», «Атыс дайындығы», «Саптық дайындық», «Әскери топография», «Әскери роботты техникалардың негіздері», «Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері», «Технологиялық дайындық».	4/ 96
ЖБП 11. Физика	Ғылыми дүниетанымның негіздерін, әлемнің жаратылыстану бейнесін тұтас қабылдауды, табиғат құбылыстарын байқау, талдау	7/ 168

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>және бекіту қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді, әлемнің қазіргі физикалық бейнесінің негізін құрайтын іргелі физикалық заңдар мен принциптер туралы білімді, табиғатты ғылыми тану әдістерін дамытуға ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Механика», «Жылу физикасы», «Электр және магнетизм», «Электромагниттік тербелістер», «Электромагниттік толқындар», «Оптика», «Салыстырмалы теорияның элементтері», «Кванттық физика», «Нанотехнология және наноматериалдар», «Космология».</p>	
ЖБП 12. Химия	<p>Заттар мен олардың өзгерістері, заңдар мен теориялар туралы білім жүйесін қалыптастырады, заттар қасиеттерінің олардың құрамы мен құрылымына тәуелділігін түсіндіреді, химиялық процестерді, заңдар мен олардың заңдылықтарын түсінеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Заттардың бөлшектері», «Периодтылық. Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары», «Химиялық реакциялар энергетикасы», «Химия және қоршаған орта», «Химия және өмір».</p>	5/ 120
ЖБП 13. География	<p>Географиялық кеңістіктің барлық деңгейлерінде туындайтын геоэкологиялық, экономикалық, әлеуметтік, геосаяси және жаһандық проблемаларды шешуге бағытталған білімді, іскерлікті және дағдыларды қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі</p>	2/ 48



Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	бөлімдерден тұрады: «Географиялық зерттеу әдістері», «Картография және геоинформатика», «Табиғатты пайдалану және геоэкология», «Геоэкономика», «Геосаясат», «Елтану», «Адамзаттың ғаламдық проблемалары».	
ЖБП 14. Дүниежүзі тарихы	Түрлі тарихи кезеңдерде әлем тарихының этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының негізгі мәселелерін ұғыну арқылы тұлғаның тарихи санасын қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Өркениет: даму ерекшеліктері», «Этникалық және әлеуметтік процестер», «Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан», «Мәдениеттің дамуы», «Өркениет: даму ерекшеліктері», «Саяси- құқықтық процестер», «Қоғамдық- саяси ойдың дамуы», «Білім мен ғылымның дамуы».	3/ 72
БМ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру	ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау.	6/ 144
	ОН 1.2. Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру.	6/ 144
БМ 2. Ақпараттық- коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану	ОН 2.1. Ақпараттық- коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру.	1/ 24
	ОН 2.2. Ақпараттық-анықтамалық және интерактивті веб-портал қызметтерін пайдалану.	2/ 48
БМ 3. Экономиканың базалық білімін және	ОН 3.1.Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді	1/ 24

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
кәсіпкерлік негіздерін қолдану	меңгеру.	
	ОН 3.2. Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау және бағалау.	1/ 24
	ОН 3.3. Әлемдік экономиканың даму үрдістерін, мемлекеттің «жасыл» экономикаға көшуінің негізгі міндеттерін түсіну.	0,5/ 12
	ОН 3.4. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру.	1/ 24
	ОН 3.5. Іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтау.	0,5/ 12
БМ 4. Қоғам мен еңбек ұжымында әлеуметтену және бейімделу үшін әлеуметтік ғылымдар негіздерін қолдану	ОН 4.1. Төзімді және белсенді жеке ұстанымды қалыптастыратын моральдық-адамгершілік құндылықтар мен нормаларды түсіну.	2/ 48
	ОН 4.2. Әлемдік өркениеттегі Қазақстан Республикасы халықтары мәдениетінің рөлі мен орнын түсіну.	1/ 24
	ОН 4.3. Құқықтың негізгі салалары туралы мәліметтерді меңгеру.	2/ 48
	ОН 4.4. Әлеуметтану мен саясаттанудың негізгі түсініктерін меңгеру.	2/ 48
КМ 1. Автомобиль жолдары мен аэродромдардың жағдайы	ОН 1.1. Жол белгілерін, қоршау құрылғылары мен конустарды орнату және алып тастау.	10/ 240
	ОН 1.2. Ескі жол таңбаларын белгілеу және таңбалау сызықтарын машиналық әдіспен кейіннен жағу үшін бақылау нүктелерін анықтау.	10/ 240
	ОН 1.3. Лак-бояу материалдарын қолдана отырып, жол белгілерін	6/ 144

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	салу бойынша жұмыстарды жүргізу.	
	ОН 1.4. Механикаландырылған құралдарды пайдалану ережесін сақтау	1/ 24
КМ 2. Автомобиль жолдары мен аэродромдарды орналастыру, жөндеу және күтіп ұстау бойынша жұмыстар	ОН 2.1. Тау жыныстары мен жол-құрылыс материалдарының қасиеттерін анықтау.	3/ 72
	ОН 2.2. Жұмыстарды жүргізу кезінде еңбекті қорғау, өртке қарсы және экологиялық қауіпсіздік талаптарын сақтау.	2/ 48
	ОН 2.3. Жол негіздерін, жабындар мен жиектерді бөлшектеу бойынша жұмыстарды қолмен орындау.	4/ 96
	ОН 2.4. Жасанды құрылыстарды орнату және жөндеу бойынша жұмыстарды орындау.	4/ 96
	ОН 2.5. Автомобиль жолдары мен аэродромдарды жөндеу және күтіп ұстау бойынша жұмыстарды механикаландырылған құрал-саймандар мен шағын механикаландыру құралдарының көмегімен орындау.	4/ 96
	ОН 2.6. Көлденең бейіндердің бойлық еңістерін сақтай отырып, кюветтерді, су бұрғыш арықтарды орнату және қалпына келтіру бойынша жұмыстарды орындау.	4/ 96
КМ 3. Жол-құрылыс жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ету (түрлері бойынша)	ОН 3.1. Жол-құрылыс машиналарын "Қазақстан Республикасының Жол қозғалысы ережелерінің" талаптарына сәйкес басқару.	1/ 24
	ОН 3.2. Жер, жол және құрылыс жұмыстары өндірісінің қауіпсіз	5/ 120

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	шарттарын сақтай отырып өндіріс тәсілдерін қолдану.	
	ОН 3.3. Орындалатын жұмыстардың сапасына қойылатын техникалық талаптарды сақтау.	5/ 120
КМ 4. Жол-құрылыс машиналарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу	ОН 4.1. Машиналар мен механизмдердің техникалық жағдайын анықтау.	5/ 120
	ОН 4.2. Қызмет көрсетілетін машиналар мен механизмдердің жұмысындағы сәйкессіздіктерді анықтау және жою.	5/ 120
	ОН 4.3. Профилактикалық жөндеу жұмыстарын жүргізу және жөндеу жұмыстарына қатысу.	4/ 96
	ОН 4.4. Жол төсемін дайындауда еңбекті қорғау, өрт және электр қауіпсіздігі, өндірістік санитария ережелері мен нұсқаулықтарын сақтау.	1/ 24
КМ 5. Автомобиль жолдары мен аэродромдарды жобалау	ОН 5.1. Құрылыс саласы мен құрылыс материалдары нарығын талдау.	4/ 96
	ОН 5.2. Автомобиль жолдары мен аэродромдарды техникалық және экономикалық іздестіруді орындау.	5/ 120
	ОН 5.3. Автомобиль жолының жол төсемін таңдау және есептеу.	5/ 120
	ОН 5.4. Жолдар мен аэродромдар құрылысының сметалық құнын есептеу.	5/ 120
КМ 6. Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысының технологиясы	ОН 6.1. Өндірістік кәсіпорындардың орналасқан жерінің тиімділігін анықтау.	7/ 168
	ОН 6.2. Карьерде аршу жұмыстарын орындау.	7/ 168
	ОН 6.3. Бұрғылау- жару	5/ 120

№ модуля/дисциплины	Наименование	Результаты	
		обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
		жұмыстарының технологиясын сақтау.	
		ОН 6.4. Жер төсемі мен жол төсемін салу үшін ұтымды технологияны таңдау.	4/ 96
		ОН 6.5. Жол-құрылыс материалдары мен құрылыс мерзімдерін ескере отырып, құрылыс технологиясын сақтау және бақылау.	3/ 72
		ОН 6.6. Аэродром жабындарын жөндеу және қар жамылғысын өңдеу технологиясын сақтау.	1/ 24
	КМ 7. Автомобиль жолдары мен аэродромдарды пайдалану	ОН 7.1. Автомобильдердің, әуе кемелерінің және табиғи факторлардың жол мен аэродром жабынына әсерін анықтау және есептеу.	7/ 168
		ОН 7.2. Жол төсемдері мен жабындарының жөндеуаралық қызмет мерзімін анықтау	4/ 96
		ОН 7.3. Қабылдауға жататын жұмыс түрлерін анықтау және автомобиль жолдары мен аэродромдарды күтіп ұстау және жөндеу сапасын бағалау.	5/ 120
	Дипломдық жобалау	-	9/ 216
	Аралық, қорытынды аттестаттау	-	12/ 288